

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,  
Ертіс ауданы «Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
«Болашақ» шағын орталығы мен мектепалды сыныбының  
аттестаттау қорытындысы**

**Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме.

**Білім беру ұйымының толық атауы:** Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме (мектепалды сынып пен «Болашақ» шағын орталығы)

Құрылыс жылы: 2009 ж.

Жобалық қуаты: 16 орын.

Жалпы ауданы: 68,4 ш. м

**Заңды мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140514, Ертіс ауданы, Қараағаш ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 2

**Заңды тұлғаның байланыс деректері:** 87183240345, karaagash\_shool@mail.ru

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** мектеп директоры Т.Д. Укужанов Бұйрық №1-05/74 7.08.2020ж

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары**

Мектеп бастауыш, негізгі және орта жалпы білім беруді мынадай құқық белгілейтін құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ88LAA00022867 мемлекеттік лицензия Лицензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ88LAA00022867 білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша Лицензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
- 2021 жылғы 11 қаңтар Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 031140003164
- 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

#### **Мектеп әкімшілігі:**

Мектеп директоры: Тусупбай Досович Уқужанов

Санаты: 1 Математика пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 17 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.Т. Кенжибаева, еңбек өтілі 32 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Хапыш Холмхас

Санаты: 3 еңбек өтілі 15 жыл.

#### **«Болашақ» шағын орталығы**

**01.09.2023 жыл**

Балалар саны: 13

Аралас топ

Мектепалды сыныбында бала саны : 2

Оқыту тілі: мемлекеттік тіл

«Болашақ» шағын орталық аптасына бес жұмыс күні жұмыс жасайды. Жұмыс уақыты күн режиміне негізделіп, таңғы 8:00 ден бастап кешкі 18:00 ге дейін. Таңертеңгі балаларды қабылданғаннан кейін, ата-аналармен әңгіме- кеңес беріледі. Шағын орталыққа әр-түрлі себептермен қатыспайтын тәрбиенішулердің ата-аналарымен консультативтік пункта әр айдың сейсенбі күні кеңес беріледі. Таңертеңгі жаттығудан кейін тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке дайындық жасап, білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке көшеді. Содан кейін балалар

серуенге шығады. Серуенде балалар зерттеу жұмыстарын, бақылау, шығармашылық жұмыстармен айналысып, қимылды ойындар ойнайды. Серуеннен оралғаннан кейін түскі ас ішеді және күндізгі ұйқыға жатады. Бірте-бірте балаларды тұрғызып, сауықтыру шаралары өткізіледі. Кейін бесін ас ішеді, балалармен жеке жұмыс жасалады. Балалардың дербес әрекеттері: баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер жүргізіледі. Әрі қарай балалар кешкі серуенге шығып үйлеріне қайтады және ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беріледі.

«Болашақ» шағын орталығының және мектепалды сыныбының тәрбиеленушілері әр-түрлі сайыстар мен конкурстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды:

2023-2024 оқу жылында Мұрат Азиз республикалық «Ғарышкерлер күні» сурет байқауына қатысып III –ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында «Болашақ» шағын орталығының тәрбиеленушілері «Бүлдіршін» фестивалінде облыстық кезеңінде 1 орынға ие болды.

Іс жүргізу үшін мектеп басшысы бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, тәрбиешілер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, тәрбиешілер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары бар.


Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, балалардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, шағын орталығынан кеткен және келген балаларды тіркеу журналы, балалардың жеке істері медициналық құжаттары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 «Білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

### Тәрбие білім деңгейі

Кезеңдер	Барлық ұстаздар	Жоғары білімді	Арнаулы орта біліммен
2021-2022	3	2	1
2022-2023	3	3	-


2023-2024	3	3	-
-----------	---	---	---



Бұл кестеден педагогтардың білім деңгейі 100% көтерілгенін көрсетеді.

### Педагогтардың біліктілік санаттары туралы ақпарат

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Барлық ұстаздар	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
Педагог-сарапшы	1 (25%)	1 (25%)	1 (25%)
Санатсыз	2 (75%)	2 (75%)	2 (75 %)




Үш жыл ішінде педагог-сарапшы үлесі 25 % құрайды.

### Педагогтардың жастық құрамы туралы ақпарат

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Барлық ұстаздар	3	3	3
20 жасқа дейін			
20-25 жас			
25-30 жас	1	1	1
30-35 жас			
35-40 жас			
40-45 жас	1	1	1
45-50 жас			
50-55 жас	1	1	1
55-58 жас			

58 жастан жоғары			
------------------	--	--	--



Педагогтардың орташа жасы 40 жас. Осы жаста ұстаз түбегейлі өзгерту (өзгерту, дамыту) және жаңа құралдар мен тәсілдерді іздестіру міндеттерін қояды және шешуді біледі. Педагогикалық әдепті және педагогикалық дербестікті меңгереді. Осы барлық қасиеттер оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

### 2023 -2024 оқу жылында курстан өткен педагогтар

№	Тәрбиешінің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Гульназ Болатовна Танжарикова	«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру»	13.05.-23.05.2024	өрлеу	0827175

### 2021-2022 оқу жылында курстан өткен педагогтар


№	Тәрбиешінің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Нагима Калиновна Аужанова	“Баланы ерте дамыту бағдарлары”	2022 жылы	Педагогикалық шеберлік орталығы НИШ	341341076

### Тәрбиеленушілер контингенті

Шағын орталығы тіркеу [balabagsha.snation.kz](http://balabagsha.snation.kz) веб- сайттағы бағыт бойынша жүзеге асырылады, 2024 жылдан бастап Инкрафт веб-сайтында электронды балабақша сайты арқылы қабылдау жүзіге асады.

### Тәрбиеленушілердің жалпы саны

Оқу жылы	Балалар саны	Балалар жасы				
		1-2	2-3	3-4	4-5	5-6
2021-2022	7	2	2	-	3	1
2022-2023	9	4	2	3	-	2
2023-2024	13	2	6	2	3	2



«Болашақ» шағын орталығының контингенті жылдан жылға саны бұрынғы деңгейден төмендеп отыр. Негізгі себеп ауыл халқының санының азаюы.

### Жынысы бойынша тәрбиеленушілердің құрамы туралы мәлімет

Балалар жынысы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Жалпы балалар саны	7	9	13
Ұлдар	3	4	9
Қыздар	4	5	4



## Оқу-әдістемелік жұмыс

Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған мектепке дейінгі ұжымның құжаттарды барлық жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесін басшы бекітіп, мөрмен куәландырғанын көрсетті. Жыл сайын оқу жұмыс жоспары Павлодар облысы білім басқармасының Ертіс ауданының білім бөлімі ММ-мен бекітіледі. Жұмыс оқу бағдарламасына түсіндірме хат құрастырылды.

Оқу процесін ұйымдастырудың негізі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары болып табылады.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен өзгерістер мен толықтыру енгізілген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру .

## Оқу-материалдық активтер

Құрылыс жылы: 2009 ж.

Жобалық қуаты: 16 орын.

Жалпы ауданы: 68,4 ш. м

Жұмыс уақыты: аптасына 5 күн, дүйсенбі-жұма, сенбі-жексенбі демалыс (08:00-18:00)

### Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Балалардың даму деңгейін бақылау кезінде педагогтер Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындайды, мектепке дейінгі тәрбие мен бағдарламасының мазмұны бақылау парағын және баланың жеке даму картасын толтыру тәртібін білу. Педагогтар баланың дағдылары мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістерін жетік меңгерген: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, іскерлік ойындар, өнімді іс-әрекет нәтижесі және т.б.

### Салыстырмалы мониторинг

**Жиынтық есеп 2023-2024 оқу жылына балалардың дағдылары мен дамуын қадағалау бойынша қорытынды (тиісті болса астын сызу) мониторингінің нәтижелері туралы**

Балалардың даму деңгейін бақылау кезінде тәрбиешілер Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бойынша бақылау парағын және баланың жеке даму картасын толтыру тәртібін білу. Тәрбиешілер баланың дағдылары мен даму деңгейін өлшеу әдістерін жетік меңгерген: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, іскерлік ойындар, әңгімелесу, сұрақ-жауап, өнімді іс-әрекет нәтижелері және т.б.

**«Болашақ» шағын орталығының мониторингі 2023-2024 оқу жылы**

	Балалар саны	Физикалық қасиеттер			Коммуникативтік дағдылары			Танымдық және зияткерлік дағдылары			Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы			Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды дамыту			Барлығы					
		төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары						
<b>Аралас топ 3 жас</b>	2	0	1	1	0	1	1	0	1	1	0	1	1	0	1	1	0	0	1	50	1	50
<b>Аралас топ 4 жас</b>	3	0	1	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	33	1	33	1	33
<b>Мектепалды сынып</b>	2	0	1	1	0	1	1	0	1	1	0	1	1	0	2	0	0	0	1	50	1	50
<b>Барлығы</b>	7	0	3	4	1	3	3	1	3	3	1	3	3	1	4	2	1		3		3	
<b>%</b>	100%	0	43	57	14	43	43	14	43	43	14	43	43	14	57	29						

Білім беру бағыттары бойынша 2023-2024 оқу жылының бағдарламалық материалды меңгеру қорытынды мониторингінің қорытындысы бойынша материал жеткілікті деңгейде игерілді, жалпы 86 %.

**Қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық  
көрсеткіштер негізінде жасалған қорытынды.**


**Сауалнама қорытындысы**

2023-2024 оқу жылында «Болашақ» шағын орталығында 13 тәрбиеленуші білім алуда.

Сауалнаманың негізгі мақсаты: ата-аналардың көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау. Тәрбиеленушілердің ата-аналарының мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы пікірін зерделеу бойынша мониторингтік зерттеу жүргізу мектепке дейінгі білім берудің қанағаттану дәрежесін анықтауға, білім беру процесіне қатысушылардың оны ұйымдастыру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес жас топтары бойынша игерілуі тиіс мазмұны туралы пікірін зерделеуге мүмкіндік береді.

Сауалнамадан барлығы 9 ата-ана өтті. Бұл респонденттердің 100% құрайды. Мұндай пайыз ата-аналардың өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа дайын екендігін және мұғалімнің жұмысына бей-жай қарамайтындығын көрсетеді.

Ата-аналарға 8 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды.



Кемшіліктер мен ескертулер және оларды шешу жолдары.

Шағын орталық компьютерлік жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды қажет Интернетке қолжетімді дербес компьютерлердің, интерактивті панельдердің, ноутбуктардың болмауы балабақшаның әртүрлі салаларында интерактивті технологияларды қолдануды шектейді. Жоғары мектепке дейінгі білімі бар педагогтардың тапшылығы.

Даму перспективалары:

1. Педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші тиісті біліктілік санаттарындағы педагогтердің үлесін ұлғайту арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру;
2. Білім беру процесін ұйымдастыруда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды игеру саласында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.
3. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын, пәндік ортаны жаңғырту және жақсарту.

Қорытынды және ұсыныстар:

Балабақшада тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды, дене бітімін, зияткерлік және жеке дамуын, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін оңтайлы жағдайлар жасалған.

Тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық жүзеге асырылады, оның ішінде тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультативтік және әдістемелік көмек көрсетіледі. Әр түрлі іс-әрекеттердегі балалардың танымдық дамуы мен белсенділігін ынталандыратын, баланың үйлесімді дамуына ықпал ететін даму ортасы құрылды. Баланың жас және жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, әртүрлі қозғалыс белсенділігі, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған.

Білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

